



Қазақ халқының тарихында 1930-33 жылдарда болған қырғын аштық туралы біз көпке дейін айтпай келдік. Кешегі Совет заманында, Коммунистік партияның үстемдік етіп тұрған кезінде ол сұрапыл опат туралы жазуға мүмкіндік болмады.

Ал сол жылдары еліміздің біраз жерінде, атап айтқанда, Украинада, әсіресе, Қазақстанда болған аштық көптеген адамның өмірін қиған болатын. Бұл туралы шындықты біз тек Совет Одағы таратылып, еліміз егемендік алғаннан кейін зерттеп жаза бастадық. Жыл сайын 31 мамырды ұлттық аза күні ретінде еске алатын болдық. Тіпті бұл күн Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы Жарлығымен «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» күні болып бекітілді.

Сол жылдардағы қырғынның қандай сипатта болғанын, сол нәубеттің себептерін, баяғы бұлдырсыз саяси тұжырымдардың, ызғар ескен цифрлардың астарында қандай сыр жатқанын бүгінгі ұрпақ біле қоймайды. Оны еске салу, ол туралы тарихта әлі ашылмаған ақтаңдақтарды жазу, әсіресе, тарихшылардың төл міндеті.

Қазақстан тарихындағы 1930-1933 жылдарда болған аштық Кеңес өкіметі құрылғаннан кейінгі екінші аштық еді. Бірінші аштық 1921 жылдары, яғни бірінші дүние жүзілік және азамат соғысының аяқталған кезінде болды. Қазақ халқының басына түскен бұл ауыр кезең объективті себептерден тумаған, қолдан жасалған қайғылы қасірет еді. Өйткені ол жоғарыда көрсетілгендей, сол кезде қалыптасқан режимнің озбырлығы, өкімшілік-әміршілдік жүйе үстемдігінің зардабы. Жылдарда өтер, ұрпақтар да алмасар, бірақ сол озбыр заманның зобалаңы ұмытылмақ емес.

Осы қолдан жасалған, яғни 1931-1933 жылдарда болған қасіретті зерттеуге арнап 1992 жылы Республикамыздың Жоғарғы Кеңесінің төралқасы арнайы мемлекеттік комиссия құрған болатын. Осы комиссияның сол жылдың желтоқсан айында жарияланған қорытындысында былай делінген:

«ХХ ғасырды тебірткен сұмдық қасіреттердің жан түршігерлік тізімінде большевиктердің шаруаларды жазалау шаралары, «украиндық аштан қыру», халықтарды сталиндік жер аудару, «маолизм» мәдени революция, полпотшылық сияқты адамзатқа қарсы қылмыстармен қатар, қисапсыз қасіретті бастан кешірген Қазақстан халқы жөніндегі қырып-жою әрекеттері де ешқашан естен шықпақ емес»

Сол жылдарғы Қазақстандағы зобалаң ауқымының ғаламаттығы сонша, біз оны геноцид саясатының көрінісі деп білеміз. Өйткені, бұл кезде еліміз бұрын-соңды болып көрмеген әлеуметтік тәжірибе жүргізетін алып полигонға айналдырылған еді. Бұл туралы Республика Президенті Н.Назарбаев 1998 жылдың 16 қаңтарында жарияланған «Бірлікті нығайту және естелікті сақтау» атты еңбегінде атап өткен. (Қараңыз: «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттері—16 қаңтар 1998 жыл)

Қазақстанда бұл саясатты «артта қалған халықтардың капитализмге соқпай, социализмге өту мүмкіндігі туралы» маркстік жорамал арқылы жүзеге асырмақ болды. Бұл идея жағынан революциялық утопиямен жалғасқан теория болатын. Жоғарыда айтылған қорытынды құжатта көрсетілгендей, республикамызда 30-шы жылдары болған бұл қайғы-қасіреттің түп-төркіні біздің қоғамдық санамызға әлі де болса толық жетпей, оны тек 1931-1933 жылдары болған сұмдық ашаршылықпен және күштеп ұжымдастырумен ғана байланыстырып келдік. Ал оның алғашқы қадамы 20-шы жылдардың аяқ кезінде болған жағдайларға байланысты еді. Мысалы, 1927 жылы қараша айында Қазақстанның алтыншы партия конференциясы байларды экспроприациялау туралы мәселені талқылап, «ірі байлардың малы мен құрал-саймандарының бір бөлігін тартып алуға жол беруге болады, мұның өзі ауылды орташалаандырып, оның өндіріс күштерін дамытуға және пролетариаттың ауылдағы еңбекші бұқарамен одағын бұрынғыдан да нығайта түсуге жеткізуге тиіс» деп санады. Сол жылғы желтоқсан айында ірі байларды тәркілеу (конфискация) туралы Заңның жобасы дайындалып, ол Заң БКП (б) Орталық Комитеті мен Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінде мақұлданған еді.

Ал сол жылдың 27 тамызында Қазақстан Республикалық Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің мәжілісінде «Байлардың шаруашылықтарын тәркілеу туралы» қаулы қабылданды. (Қараңыз: Систематическое издание Законов Казахской АССР. 1930, Алма-Ата, с.247)

Республика аймағында тәркілеу жөніндегі комиссарлар құрылып, жергілікті жерлерге өкілдер жіберілді. Науқан қорытындылары туралы сол кездегі деректерге қарағанда, аз уақыт ішінде республика бойынша 700 бай тәркіленіп, олардың 619-ы өздері тұрған жерден тыс ауданға жер аударылған, олардан 145 мыңға жуық мал тартып алынған. Бұл қазақ елі арасында «ұлы көмпеске» деп аталды. 1928 жылы елімізде астық дағдарысы етек алды. Бұл ауыл шаруашылығының артта қалуына, оның материалдық базасының нашарлығына, техниканың жоқтығы және егіс көлемінің азаюына байланысты болатын. Оған қосымша осы жылдары елімізде индустриаландыру саясатын жүргізу үшін қаржы іздестіру мақсатында мемлекет салық тәртібін күшейтті. Оның үстіне ішкі рынокта астықтың бағасы арзандатылды. Шаруалар астық сатудан бас тартты. Мұның өзі «ұсақ буржуазиялық стихияның пролетарлық мемлекетке және жұмысшы табына шабуылы» деп бағаланды.

Тіпті 1929-30 жылдары Қазақстанның біраз жерлерінде егін шықпай, жұт болды. Осыған қарамастан сол жылдары ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау жөніндегі науқан мен салық

жеке меншік шаруалар малдарын соя бастады. Соның нәтижесінде 1928 жылы республикада 6 миллион 509 мың бас ірі қара болса, 1932 жылы небары 965 мың бас қана қалған. Ал 18 миллион 556 мың қой-ешкіден 1 миллион 386 мыңы ғана аман сақталды. Сондай-ақ 3,5 миллион мөлшерінде болған жылқыдан 3 миллионы жоқ болып шықты. Біздің өлкеміз үшін дәстүрлі түйе малы 1928 жылы 1 миллион 42 мың бас болса, 1935 жылға қарай небары 63 мыңы ғана қалыпты. (Қараңыз: «Қазақстан 50 жылда». Алматы, 1971, 82-83 б.б). Түйе шаруашылығы мүлде жойылуға айналды. Міне, сөйтіп, негізінен мал шаруашылығымен айналысқан, сонымен күн көрген қазақ халқы жойқын аштыққа ұшырады. Елішінде басталған бұл аштық көп кешікпей қалаға да келіп жетті.

Сол кезде елімізде болған мұндай ауыр апатқа қарсы басқа жерлердегі тәрізді, Қазақстанда да наразылық көрсетілді. Ол қарсылық бірсыпыра жерлерде шаруалардың қарулы бас көтеруіне ұласты. 1929-1931 жылдары Қазақстанда 372 көтеріліс болған және оларға 80 мыңға жуық адам қатысқан. Ол көтерілістердің негізгі болған жерлері—Созақ, Қастек, Балқаш,

## 30 ЖЫЛДАР ҚАСІРЕТІ

зобалаңы басталып кетті. Мысалы, 1928-29 жылғы астық тапсыру жоспары 1,15 миллион тонна болып бекітілді, бұл нақты мүмкіншіліктерге үйлеспейтін еді. Астық дайындау мен салық төлеудің ауыр батпаны Қазақстанның ауылдары мен селоларының берекесін кетірді. Ал қазақтардың жеке шаруашылығына соққы болып тиген бір жағдай осы кезде малшы көшпенділер мен жартылай көшпенділерді отырықшыландыру деп аталатын саясатқа көшу болды. Бұл саясатты («Кіші Октябрь саясаты») Қазақстанда жүргізуші 1925-1933 жылдар арасында республиканың партия ұйымын басқарған И.Голощекин болатын.

Басқаша айтқанда, бұл қазақ шаруалары мен мал өсірушілерді егіншілікке немесе тұрақты мал шаруашылығына көшіру еді. Бұл малмен айналысатын аймақтарға жаңа соққы болып тиді. Мына цифрға көңіл аударайық: мысалы, 1928 жылы Қазақстанда 1 миллион 187 мың шаруа болса, оның 522 мыңы—отырықшылар, ал 665 мыңы—көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындар. (Қараңыз: «Казахстанская правда» 30 мамыр 1992 жыл),

Отырықшыландыру науқаны уақыт жағынан индустриаландыруды қолға алу саясатымен ұштастырылды. Оның өзі кездейсоқ болмайтын. Өйткені, отырықшыландыру саясаты арқылы мемлекет астық мәселесін тиянақтау, сол арқылы индустриялық прогресс үшін қор жинауды көздеді. Бұдан кейін үздіксіз күштеу акциясымен жалғасқан есеңгірету жағдайынан ес жиып үлгермеген Қазақстанның ауылдары мен селолары ұжымдастыру, яғни коллективтендіру саясатына көшіп кетті. Мұның қорытындысында егер 1928 жылы республикада барлық шаруалардың екі проценті ұжымдастырылса, 1931 жылдың күзінде—65, ал Орал, Петропавл округтарында одан да асты. Сол кезде республика бойынша 122 ауданның 78-інде орталықтандырылған аудандардың жалпы саны 70-тен 100 процентке жетті. (Қараңыз: М.Қозыбаев, Ж.Әбілғожин, К.Алдажұманов «Қазақстандағы ұжымдастыру: шаралар трагедиясы». Алматы, 1992).

1930 жылдың басында Сталиннің «Табыстан бас айналу», «Колхозшы жолдастарға жауап» деген белгілі мақалалары жарияланды. Бұл еңбектер ұзақ уақыт бойы тарихи жылнамаларда колхоздастық жүзеге асырылсын қалыпқа келтірудегі кезеңдік құжаттар ретінде қаралып келгені мәлім. Бірақ елімізде, оның ішінде Қазақстанда «көсем даусы» естілгенмен, істің барлығы бұрынғы қалпында қалды. Сөйтіп, өкімшілдік-төресілдік террор жалғаса берді. Голощекин бастаған Қазақстан өлкелік Комитетінің 1931 жылы мамыр-тамыз айларының ішінде қабылданған Қаулыларында ешқандай дүдемалсыз малды аудандарды коллективтендіруді бұрынғыдан да жоғары қарқынмен жүргізу міндеті қойылды. Ал мал шаруашылығын ұжымдастыру шараларының нәтижесінде көп кешікпей республикадағы колхоз шаруашылықтарының 87 проценті және жеке меншік шаруалардың 51,8 проценті өз малдарынан түгел айырылып қалды. Себебі ортаға түскен малды бір жерде бағып-қағу мүмкін емес еді. Өйткені ол кезде оларға қысқа дайындалған жем-шөп, тіпті қора-қопсы да жоқ болатын.

Сөйтіп, бір жерге күшпен жиналған мал қыс-тан шыға алмай, қырылып қалды. Оның үстіне

Маңғыстау, Шемонайха, Бұқтырма, Ырғыз, Қазалы, Қармақшы, Самар, Батпақара және басқа аудандар. Ал Қарқаралы округінде Абыралы (Бақты көтерілісі), Шыңғыстау, Шұбартау аудандарын қамтыды.

Бұл бас көтерулердің аяғы шаруаларды жаңа қасіретке әкеліп соқтырды. Көтерілісшілерді басу, қудалаудың арты халқымыздың республикалардан тыс жерлерге, әсіресе, шет елдерге үдере көшуімен жалғасты. Соның салдарынан 1930-1931 жылдары Қазақстан жерінен үш жүз мыңға жуық шаруа көшіп кетті. Олардың көшілігі Қытай, Иран, Монғолия, Түркия, Ауғанстан жеріне ауды. Барлығы осы ашаршылық жылдары республикамыздан тысқары жерге кеткендер саны 1 миллион 130 мыңға жетіп, олардың 600 мыңнан астамы біржолата сол жаққа қалды. (Қараңыз: Н.Назарбаев. Жоғарыда көрсетілген еңбек, 7-бет)

Бұл қасірет республика халқын бұрын-соңды болып көрмеген ірі демографиялық апатқа ұшыратты.

Осы жылдардағы ең ауыр жағдай—ел ішін жайлаған ұлы нәубет, яғни аштық болды. Бұл жылдары қандастарымыздың жартысы тікелей аштық пен жұқпалы аурудан қырылды. Оның ішінде тек қана мал өсірумен айналысқан Арқа өңірінде қазақтар көп шығынға ұшырады. Осы тұжырымды нақты деректер мен цифрлар бұл-жытпай дәлелдейді.

1937 жылы Қарқаралы округінің басшылары сотталды. Айыпталғандардың ішінде Мансұр-Ғатаулин де болған (ол 1932 жылы өлкелік комитетте аштыққа әкеліп соқтырған коллективтендірудегі асыра сілтеу туралы хат жазған «бесеудің» бірі, өлкелік комитет басшыларының бірі).

Ғатаулинге соңғы сөз берілгенде, ол айыптылар орындығында отырған жолдастарын қолымен көрсетіп былай депті:

«Бұлар халық жауы емес. Жау—мен. Сондықтан мен ғана соттанған. Мен де халық жауы емеспін, мен халық жауларының жауымын. Ондай ойға 1932 жылы Кентке жол сапармен барғанда келдім.

... Машинадан шықсам ешкім жоқ, тек ұзын мал базы ғана тұр. Есігін ашсам, іші толған мүрде. Даладай қораның іші қатарлап қаланған өлі адамдар. Кейбіреулерінің тіпті көзі ашық, бірақ енді-енді үзіліп кеткелі жатыр. Мен қайта далаға шықтым. Біреулер айқайлап жатыр екен. Қарасам, кілең есінен айырылған әйелдер шоферды пышақпен айнала қуып, қолдарына түссе парша-парша етуге даяр. Мен аспанға мылтық аттым. Олар жан-жаққа қашып кетті.

Байқап қарасам, жақын маңда от жанып жатыр. Оған үлкен қазан қойылыпты. Ішінде бірдене пісіріп жатыр. Қақпағын ашсам, ішінде бүлкілдеп жас баланың аяғы мен қолы қайнап жатыр, әр жерден өкшелері көрінеді.

Міне, сонда мен халық жауларының жауы болдым...» (Қараңыз: В.Михайлов. «Үлкен жұттың хроникасы», аударма. «Орталық Қазақстан» газеті, 1991 жылы 8 наурыз).

Бұл адам естіп-білмеген сұмдық болатын. Мынадай да ақпарат бар: Қарқаралы өлкелік отырықшыландыру комитетінің сол кездегі мәліметінде Қарқаралы ауданының орталығында күн сайын 40-50 адам өледі екен. Енді мына кестеге көңіл аударайық.

Қарағанды облысы бойынша санақ қоры-

тындылары

Аудандар	Халық саны	
	1926	1939
1. Қарқаралы	50402	10849
2. Ворошилов (қазіргі Бұқар жырау)	23994	17637
3. Қу—Егіндібулақ	32778	5684
4. Шет	48311	12583
5. Қарсақпай	24442	3034
6. Қоңырат	29921	9898
7. Қарағанды облысы бойынша	312365	183263

Қу ауданы мен Қарсақпайда адам санының өте төмендеп кетуі тек аштықтан ғана қырылып қалмай, ондағы халықтардың жан-жаққа босып кетуіне байланысты болған (Құжаттар автордың архивінен алынған).

Осы сұрапыл жылдар құрбандарының саны туралы тарихшы-демографтар арасында әр түрлі деректер кездеседі. Бірақ Н.Назарбаевтың жоғарыда көрсетілген еңбегінде мына цифрлар берілген: 1926 жылғы санақта республикамызда қазақтар саны 3 миллион 963 мың болса, 1939 жылғы санақта 3 миллион 100 мың. (Бірақ бұл цифр артықайтылған,—дейді Н.Назарбаев). Ал 1932-1933 жылдардағы аштықтың құрбаны 1 миллион 750 мыңға жеткен, яғни бұл қазақ халқының сол кездегі санының 42 проценті еді. (Қараңыз: Н.Назарбаев. «Казахстанская правда» газеті, 1998, 16 қаңтар).

Бұл жылдардағы қасірет сол кезде республикада болған басқа халықтарды да шарпығаны мәлім. Ашаршылық жылдары Қазақстандағы украиндықтар орта есеппен жүз мың (11 процент), орыстар—85 мың (6 процент), өзбектер—20 мың (8 процент), ұйғырлар—10 мың (8 процент), татарлар—10 мың (10 процент), бұрлустар—3 мың (10 процент), қырғыздар—3 мың (25 процент) адамынан айырылған. (Қараңыз: ҚРЖК төралқасының Қаулысы Орталық Қазақстан» газеті, 1993, 5 қаңтар).

Қолдан жасалған осы апатты жоғарғы өкімет, партия орындары білді ме, білсе неге тиісті шаралар қолданбады?—деген сұрақ туады. Сөз жоқ, мұның бәрін олар білді. Оған айғақ ретінде сол кездегі қазақ халқының зиялы азаматтарының қарсылығын айтуға болады. Мысалы, сол кезде РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесі Төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұлов Сталинге жазған хатында: «...Мұның бәрі кездейсоқ жайт емес, белгілі бір дәрежеде өлкелік партия комитетінің бұрынғы басшылары жүргізген бағыттың салдары. Қазақстанның өкілдері Москваға талай келіп жүріп Қазақстанда болып жатқан жағдай туралы (аштық туралы)—Ә.Ж. бірде-бір рет орталықтағы Кеңес органдарының алдарына ресми түрде мәселе қойған емес. (9 наурыз, 1933 жыл). (Қараңыз: М.Қозыбаев, Ж.Әбілғожин, К.Алдажұманов. «Қазақстандағы ұжымдастыру: шаруалар трагедиясы». Алматы, 1992). О.Исаевтың, 1920 жылдан партия мүшесі, Қостанай облысы Жетіқара ауданындағы «Красный Октябрь» совхозынан Коломейттің хаты, тағы басқа арыздар Москва мен Алматыға түсіп жатты. Ал 1932 жылдың жаз айында Қазақ өлкелік комитетіне белгілі бесеудің ашық (Ф.Мүсірепов, М.Ғатаулин, Дәулетқалиев, Алтынбеков, Қанышов) хаты да түскен болатын. Бірақ сол дабылға жоғары орындар дұрыстап қарамай, қайта хат иелерін кейін ұлтшылдар деп айыптаған.

1933 жылы желтоқсанның төртінші күні «Правда» газетінде басылған мақаласында Сталин: «Өмір сүру жақсарды, халқымыздың тұрмысы жақсарды, олардың саны көбеюде, қазір бізде жыл сайын халық саны үш миллионға көбейіп отыр»,—деп қорытынды жасаған болатын. Әрине, ол кезде халық саны көбеюдің орнына азайып жатқан еді.

Міне, отызыншы жылдары қазақ халқы аштыққа ұшыратқан, қолдан жасалған апаттың қорытындылары осындай болатын.

Халқымыздың басынан өткен осындай тарихи зардаптарды біз еш уақытта ұмытуға тиіс емеспіз.

Бұған Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылдың 10 желтоқсанындағы Жарлығымен 1998 жылды «Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы» деп жариялауы және Қарағанды облысы Әкімінің 1998 жылдың 13 ақпанындағы Президенттің осы Жарлығын орындауға байланысты шешімі негіз бола алады.

**Ө.ЖУМАСҰЛТАНОВ,**  
тарих ғылымының докторы.